

ЧТОБЫ СТАТЬ ЕЩЕ БОЛЕЕ КЛИЕНТООРИЕНТИРОВАННОЙ КОМПАНИЕЙ, МЫ ПРЕЖДЕ ВСЕГО ПРОХОДИМ ВНУТРЕННИЕ ПЕРЕМЕНЫ, ВНЕДРЯЕМ НОВУЮ КОРПОРАТИВНУЮ КУЛЬТУРУ АО «ПАССАЖИРСКИЕ ПЕРЕВОЗКИ». ОНА СТАНОВИТСЯ ОСНОВОЙ ДЛЯ ЭФФЕКТИВНОЙ И РЕЗУЛЬТАТИВНОЙ РАБОТЫ.



Питер ШТУРМ,  
генеральный директор АО «Пассажирские перевозки»



№46 (2654)  
22/06/2021  
rail-news.kz

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



## КОНТЕЙНЕРЛІК ТАСЫМАЛҒА ҚАТЫСТЫ ЖАДЫНАМА БЕКІТІЛДІ

Темір жол ынтымақтастық Ұйымы жоғары басқарушы органының отырысы – ТЖБҰ министрлерінің XLIX сессиясы отырысы бейнеконференция режимінде өткізілді. Онда жүктерді ірі тоннажды контейнерлерге орналастыру және бекіту бойынша ТЖБҰ Жадинамасы бекітілді.

**Райхан РАХМЕТОВА,**  
Нұр-Сұлтан

Іс-шараға ТЖБҰ-на мүше 22 елден делегация, сонымен қатар БҰҰ-ның (ЭСКАТО БҰҰ) Азия және Тынық мұхиты үшін экономикалық және әлеуметтік комиссиясы, ЕК көлік және мобильділік бойынша бас директораты (DG MOVE), халықаралық теміржол тасымалы бойынша үкіметаралық ұйым (ОТИФ), Еуразиялық экономикалық комиссия (ЕЭК), демократия мен экономикалық даму бойынша ұйым (ГУАМ), темір жол көлігі халықаралық комитеті (ЦИТ) сынды халықаралық ұйымдар өкілдері қатысты. ТЖБҰ комитетіндегі ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі өкілдері, ҚР бойынша ТЖБҰ комитетінің мүшесі Зубайда Аспа-

ева бастаған қазақстандық делегация құрамында сессия жұмысына «ҚТЖ» ҰК» АҚ даму жөніндегі атқарушы директор Мейрамгүл Дүзбаева, «ҚТЖ» ҰК» АҚ халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл департаменті директоры Әлия Ахметова қатысты.

ТЖБҰ министрлер отырысында 2020 жылға ТЖБҰ қызметі туралы есебі, сонымен қатар көлік құқығы бойынша ТЖБҰ комиссиясы мен көлік саясаты мен даму стратегиясы бойынша ТЖБҰ комиссиясы жұмысының нәтижелері бекітілді. 2022 және содан кейінгі жылдарға жұмыс бағдарламасы мен ТЖБҰ негізгі құжаттары бекітілді. 2021 жылға ТЖБҰ комитетінің соңғы және 2022 жылға алдын ала бюджеті қабылданды. Қатысушылар кәсіби оқыту мәселелері, есепті кезеңде темір жол тасымалы саласындағы дайындық бойынша ТЖБҰ уақытша

жұмысшы тобының қызметін мақұлдады. Сонымен қатар отырыста ТЖБҰ теміржол көлік дәліздерін үйлестіру бойынша мәселелер талқыланды. Жүк ағынын контейнерлендіруді дамыту бойынша ірі тоннажды контейнерлерге жүктер орналастыру және бекіту бойынша ТЖБҰ Жадинамасы бекітілді.

Отырыс мүшелері Сессия ТЖБҰ құрылғанына 65 жыл толу қарсаңында өткізілетінін атап өтті. Осы кезең аралығында Ұйым Еуропа мен Азия аралығындағы жолаушылар мен халықаралық жүк тасымалын жетілдіру және қамтамасыз ету, дамыту бойынша үлкен жұмыстар атқарды.

Сессия жұмысының қорытындысы бойынша ТЖБҰ министрлер отырысының XLIX сессиясының хаттамасына қол қойылды.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

### ДОСТИЖЕНИЯ И ВЫЗОВЫ



К концу 2021 года объем контейнерных перевозок в Евразийском экономическом союзе может приблизиться к 700 поездом. Такую цифру озвучил генеральный директор совместного предприятия железных дорог Казахстана, России и Беларуси – АО «ОТЛК ЕРА» Алексей Гром.

Выступая на сессии «ЕАЭС: успехи и вызовы интеграции, новая парадигма развития» в рамках Петербургского международного экономического форума, Алексей Гром отметил, что за последние два года объем контейнерных перевозок на пространстве ЕАЭС вырос в два раза.

– Такой объем перевозок требует опережающего развития инфраструктуры и технологий, – подчеркнул он и призвал цифровизировать железнодорожные перевозки, чтобы повысить уровень доверия к ним.

Участники сессии пришли к единому мнению о необходимости общей системы электронного документооборота и использования пломб, внедрения цифровых станций, которые позволят роботизировать порядка 17 операций, а также интеллектуальной транспортной системы.

Технологии, которые уже разработаны, могут позволить странам ЕАЭС не только выйти в первую десятку, а стать лидерами в области развития транспортных коридоров, сообщалось в ходе форума.

Роман ЛЮБИМОВ

### МАКСАТ – ҚОРШАҒАН ОРТА ҚАУІПСІЗДІГІ



Ағымдағы жылдың 17 маусымында Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық мәселелерін қарау бойынша Достастыққа қатысушы мемлекеттердің теміржол әкімшіліктерінің уәкілетті өкілдерінің ІХ Кеңесі бейнеконференция режимінде өтті.

Конференцияға Ресей, Қазақстан, Украина, Беларусь, Қырғызстан, Грузия, Әзербайжан республикаларымен бірге Оңтүстік Кавказ теміржол әкімшіліктерінің өкілдері қатысты. Жиынға қатысушылар 8 кеңестің шешімдерінің орындалуы, теміржол көлігі саласындағы экологиялық қауіпсіздік жөніндегі Халықаралық орталықтың 2021-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын әзірлеу және экологиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық орталықтың жұмыс тобы туралы ережені бекіту мәселелерін талқылады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ атынан сөз алған Өндірістік қауіпсіздік және экология департаментінің бас менеджері Сағат Кабиев өндірістік қауіпсіздік процестерін жақсарту бағытындағы цифрлық шешімдер ретінде КТЗНБӨ Өндірістік қауіпсіздік біріктірілген жүйесі жобасын көпшілік назарына ұсынды.

«Өндірістік қауіпсіздік» біріктірілген жүйесіне енгізілген «Экологиялық қауіпсіздік» модулі 2020 жылдың 1 шілдесінен бастап тәжірибелік пайдалануға берілді. Бұл модульдің үлкен функционалы бар және ол экологиялық қызметті цифрландырудың негізгі құралы болып табылады. Компанияның филиалдары мен еншілес ұйымдарының экологтары модульде белсенді жұмыс жүргізуде. Осы модульді қоршаған ортаны қорғау бойынша жауапты тұлғалардың жұмысына енгізе отырып, біз эмиссияларды есептеуді толығымен автоматтандырдық, айыпшұл санкцияларын салу тәуекелдерін бақылап, ҚР заңнамасының талаптарын сақтап, қағаз жүзінде іс жүргізуді қысқартып, кадрлардың тұрақтамауына байланысты жұмысқа тиетін кері әсерлерді азайтып отырмыз. Сондай-ақ, адами факторларды жойып, уақытты үнемдеу мүмкіндігі туып отыр», – деді модульдің ерекшеліктеріне тоқталған Сағат Кабиев.

Жиын соңында Достастыққа қатысушы мемлекеттердің теміржол әкімшіліктері уәкілетті өкілдерінің қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастықты дамыту мәселелерін қарау жөніндегі кезекті кеңесі 2021 жылдың қазан айында өткізілетін болып келісілді.

Сұлғу БАКЕСОВА

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

БИЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҢ  
БЕС АЙЫНДА  
«ҚТЖ» ҰК» АҚ  
ЖЕЛІСІ БОЙЫНША

**105**  
МЛН ТОННАҒА  
ЖУЫҚ ЖҮК ТИЕЛГЕН

2021 ЖЫЛДЫҢ  
ҚАҢТАР-МАМЫР  
АРАЛЫҒЫНДА

**32**  
МЛН ТОННА  
ШАМАСЫНДА КӨМІР  
ЕЛІМІЗДІҢ  
ТҰТЫНУШЫЛАРЫНА  
ЖЕТКІЗІЛГЕН.

«ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ  
ЖҰМЫС»  
АВТОМАТТАНДЫ-  
РЫЛҒАН БАСҚАРУ  
ЖҮЙЕСІМЕН

**456**  
ЖҮК СТАНЦИЯСЫ  
ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ.

### Экология

## ЗАБОТА О ПРИРОДЕ – ОБЩИЙ ДОЛГ

Нормы и требования нового Экологического кодекса РК, вступающего в силу 1 июля 2021 года, разъяснили в ходе онлайн-семинара в АО «НК «ҚТЖ».

**Любовь РОВБА,**  
Нұр-Сұлтан

Мероприятие приурочили к Дню эколога – Всемирному дню охраны окружающей среды.

– Сегодня экологические проблемы стоят в ряду самых важных и определяют уровень благополучия всего мира. Человечество в своем развитии подошло к тому порогу, когда необходимо конкретными действиями спасать и сохранять окружающую среду. Поэтому, чем активнее все мы включимся в практические действия, тем больше шансов сохранить ее для будущего поколения, – подчеркнул главный инженер АО «НК «ҚТЖ» Батыр Котырев.

Во время семинара спикеры представили доклады о ходе реализации работы по формированию экологической культуры среди железнодорожников, актуальных мировых экологических проблем, а также по разъяснению норм и требований нового Экологического кодекса. Кроме того, организаторы провели интерактивные игры по природоохранной деятельности производства, в которых отличились работники ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки», АО «Теміржол».

– На железной дороге мы уделяем особое внимание

вопросам экологии – реализуем мероприятия по снижению негативного воздействия на окружающую среду, формируем экологическую культуру, а также внедрили модуль «Экологическая безопасность» в системе ИС ПБ, который имеет огромный функционал и является основным инструментом цифровизации экологической деятельности. Команда экологов компании активно использует эти инструменты и способствует развитию модуля, – рассказал директор департамент производственной безопасности и экологии АО «НК «ҚТЖ» Асхат Сариев.

В свою очередь, главный менеджер департамент производственной безопасности и экологии Сағат Кабиев проинформировал участников семинара об особенностях нового Экологического кодекса РК.

Так, он отметил, что одним из главных новшеств является принцип «загрязнитель платит и исправляет». То есть в случае возникновения экологического ущерба природопользователь обязан восстановить окружающую среду до первоначального состояния. Кроме того, в кодексе предусмотрено требование о прохождении оценки воздействия на окружающую среду в отношении крупных предприятий «первой

категории». К слову, в 2023 году все они обязаны установить автоматические системы мониторинга вредных выбросов в атмосферу, которые в онлайн-режиме будут передавать информацию в уполномоченный орган.

Особого внимания удостоилась плата за эмиссию в окружающую среду и целевое расходование средств бюджета на природоохранные мероприятия. Кодексом предусмотрено, что местные исполнительные органы обязаны финансировать природоохранные мероприятия за счет поступающих экологических платежей в объеме 100%.

– На сегодняшний день в АО «НК «ҚТЖ» за природоохранную деятельность ответственных более 300 специалистов в области охраны окружающей среды. Каждый из них продлевает огромную ежедневную работу по поддержанию и улучшению экологической безопасности на предприятиях, а также несет важную миссию – донести до каждого работника, что забота об окружающей среде – это наш общий долг, – сказала Сағат Кабиев.

В заключение работники, отличившиеся в развитии модуля «Экологическая безопасность» в системе ИС ПБ, награждены благодарственными письмами.



РАЗДЕЛЬНЫЙ СБОР  
МУСОРА ПОЗВОЛЯЕТ  
НЕ ТОЛЬКО ВНЕСТИ  
СВОЙ ВКЛАД В УЛУЧ-  
ШЕНИЕ ЭКОЛОГИЧЕ-  
СКОЙ ОБСТАНОВКИ,  
НО ИМЕЕТ И ЭКОНО-  
МИЧЕСКИЙ ЭФФЕКТ.  
РАСХОДЫ НА ВЫВОЗ  
И ЗАХОРОНЕНИЕ  
ТВЕРДЫХ БЫТОВЫХ  
ОТХОДОВ СНИЖЕНЫ  
НА 14,2 МИЛЛИОНА  
ТЕНГЕ. НАМ ВАЖНО  
НАУЧИТЬСЯ БЕРЕЧЬ  
ЗЕМЛЮ, ЖИТЬ В  
ГАРМОНИИ С ПРИРО-  
ДОЙ И СОХРАНИТЬ  
ЕЕ ДЛЯ БУДУЩИХ  
ПОКОЛЕНИЙ

**Светлана СЫДЫКОВА,**  
менеджер ТОО «ҚТЖ –  
Грузовые перевозки»

**ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖАУАПТЫЛАР ТАҒАЙЫНДАЛДЫ**

**Райхан РАХМЕТОВА,**  
Нұр-Сұлтан



Теміржолдағы жүк тасымалында сыбайлас жемқорлықпен тиімді күрес жүргізу мәселелері «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас директоры Владимир Петровтың төрағалығымен өткен онлайн отырыста талқыланды.

Барлық жол бөлімшелерінің басшылары, «Адал жол» жобалық кеңсесінің өкілдері қатысқан отырыс барысында сыбайлас жемқорлық белгілері кіреберіс жолдарда вагондар жинау және беру бойынша қызмет көрсету кезінде көрініс беретіні айтылды. Бұл жағдайды болдырмау үшін «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-де вагондарды беру-жинау үдерісінің Тәртібі қабылданды. Аталған құжат вагондарды беру-жинау тәртібін айқын және ашық етеді, кезек белгіленеді және сыбайлас жемқорлыққа апаратын әрекеттер жойылады. Сонымен қатар жүк жөнелтушілер тарапынан өтінімдерді жоспарлау және келісу үдерістері, тасымал құжаттарын ресімдеу, жүк тасымалы үшін төлемдер ресімдері айқындала түсті.

«Коммерциялық және келісімшарттық жұмыстардың автоматтандырылған жүйесіндегі (ККОК АБЖ) «Клиенттің жеке кабинеті» жүк жөнелтушіге өтінімдерді өткізу, олармен келісу немесе бас тарту тәртібін қадағалауға мүмкіндік береді», деп түсіндірді Владимир Петров. ККОК АБЖ (АСУ ДКР) темір жолдағы клиенттер үшін ыңғайлы, олардың уақытын үнемдейді, станция қызметкерлерімен өзара қарым-қатынас жасауын болдырмайды, жұмыстың тиімділігі мен жеделділігін арттырады.

Құқықтық мәселелер жөніндегі атқарушы директор Лиияс Ерназаров Қазақстан кәсіпкерлері мен қызмет берушілері қауымдастығының ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау бойынша өкілдерінің қатысуымен құрылған жұмыс тобының жұмыс нәтижелері туралы баяндады. Ол сондай-ақ «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-де 2021-2022 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар Жоспары жүзеге асырылатынын атап айтты. Соның шеңберінде түсетін өтініш-шағымдарға сыбайлас жемқорлық бойынша мониторинг жүргізіледі, мүдделер қақтығысы реттеледі, тасымал үдерісін цифрландыру бойынша жобалар енгізіледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді жұмысты ұйымдастырып, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-нің барлық филиалдарында жалпы үйлестіруді қамтамасыз ету үшін сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылықтың алдын алуға жауаптылар тағайындалды. Олардың басты міндеті – жүк тасымалы саласында пара беруге әкелетін себептер мен жағдайларды жою, темір жолдағы клиенттердің заңды мүдделерін қорғау.

Жиын қорытындысында Владимир Петров сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдау жүргізуді және «жіңішке өңештерді», яғни әрбір құрылымдық бөлімшелердегі сыбайлас жемқорлық бойынша осал телімдерді тауды тапсырды.

**ҮШ БАҒЫТҚА НАЗАР АУДАРЫЛДЫ**

**Жансая СЫДЫҚБАЙ,**  
Шымкент



Шымкент жүк тасымалы бөлімшесі жыл басынан бері қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету, шығындар бюджетінің орындау, тасымалданатын жүктердің сақталуын қамтамасыз ету, қауіпсіздік техникасын және еңбек қорғау шарттарын мен тәртібін сақтау бойынша оң нәтижеге қол жеткізіп отыр.

Атап айтқанда, жүк айналымы өткен жылмен салыстырғанда 100,8%-ға орындалған. Телімдік орташа жылдамдық 100,7%-ға орындалған, жоспар бойынша 43,63 км/сағ болса, нақтысы 43,93 км/сағ құрады. Ал өткен жылмен салыстырғанда 99%-ға орындалған. Техникалық орташа жылдамдық жоспар бойынша 47,55 км/сағ болса, іс жүзінде 47,89 км/сағ немесе 100,7%-ға орындалды, ал өткен жылғы есеп беру мерзімімен салыстырғанда 101,2%-ға орындалған. Локомотивтің орта тәуеліктік өнімділігі жоспар бойынша 1 млн 179 мың ткм бруто болса, іс жүзінде 1 млн 243 мың ткм бруто немесе 105,5%-ға орындалған, ал өткен жылмен салыстырғанда 105,9%-ға орындалған. Тиелген вагонның статикалық жүктемесі жоспар бойынша 57,68 тонна болса, іс жүзінде 58,16т құрап, 100,8%-ға орындалды.

Бұдан бөлек, Шымкент жүк тасымалы бөлімшесінде ағымдағы мәселелер де ретімен шешімін табады. Мәселен, 2020-2021 жылдарға арналған «Нөлдiк жарақаттану» стратегиясының негізгі бағыттарын іске асыру жөніндегі Жол картасының іс-шараларын бақылауды және орындауды қамтамасыз етті. Шымкент жүк тасымалы бөлімшесінің бас инженері Ильяс Нұржановтың айтуынша, «Vision Zego» немесе «Нөлдiк жарақаттану» тұжырымдамасы бойынша іс-шараларды орындау бойынша жұмыстар кеңінен жүргізілген.

– Мұнда өндірістің барлық деңгейлерінде 7 «Алтын ережені» қамтитын қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қызметкерлердің ал-ауқатына, яғни үш бағытқа ерекше назар аударылды. Сонымен қатар, қозғалыс қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың бұзылуын бақылау және жою үшін барлық басшылар мен мамандарға «Қауіпсіз мінез-құлық диалогын» жүргізу бойынша мобильді қосымша орнатылды. 2021 жылдың басынан бастап Өндірістік қауіпсіздікті басқару бойынша автоматтандырылған жүйенің мобильді қосымшасының модулі, Қауіпсіз мінез-құлық диалогы енгізілді. «KTZHSE ИС ПБ» мобильді қосымшасы бойынша 320 ішкі бақылау және ІДБ бойынша 155 тексеру жүргізілді. Бұл әрине ішкі корпоративтік сенімді ұлғайта түсті, – деді бас инженер И.Нұржанов.

**ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ КӨЛЕМІ АРТҚАН**



Семейлік теміржолшылар биылғы жартыжылдық көрсеткіштерді ойдағыдай еңсеруде. Әсіресе бөлімшедегі жүк тиеу және жүк түсіру жұмыстары бойынша жетістіктер мол. Жыл сайын белгіленген жоспардан тыс қосымша жүктер де тасымалдануда.

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**  
Семей

Әсіресе, Жаңғызтөбе, Суықбұлақ, Аягөз станцияларындағы жүк тиеу көрсеткіштері анағұрлым жоғарылап отыр. Сол тәрізді 1 класты Жаңа-Семей жүк станциясынан темірбетонды өнімдер мен «Силикат» ЖШС-ның кірпіші өнімдері мен цемент тиеу де артқан.

Мәселен, цемент жөнелтуде техникалық жоспар бойынша межелеңген 365,3 тонна немесе 5179 вагонның орнына жергілікті теміржолшылар 398,5 тонна құрайтын 5587 вагон жүк тиеп жөнелтіпті. Осылайша құрылыс материалын тиеу 109,1 пайызға жетіп отыр. Оған еліміздегі тұрғын үй құрылысының артып, аталмыш өнім бағасының көтерілуі де себеп болуда.

Әсіресе күрделі жөндеуден өтіп жатқан республикалық маңыдағы Қалбатау-Майқапшағай жүре жолы жанындағы 3 класты Жаңғызтөбе станциясында жүк түсіру көлемі күрт артып себепті биылғы жылғы меже 7 800 вагонға жеткізілімек.

Ал, келесі кезекте күз мезгілі болмаса да астық тасымалы елеулі



орын алуда. Жыл басынан бергі бес ай ішінде семейлік теміржолшылар 881,1 мың тоннадан тұратын 1415 вагон бидай өнімін республикамыздың түкпір-түкпіріне жөнелткен. Элеваторлардағы астық қоры әлі де жеткілікті. Алдағы шілде айында күздік қара бидайға орақ түсуімен тасымалдың бұл түрі тағы да еселеп өсетіні қазірден болжанып отыр.

Дегенмен биылғы көрсеткіштер арасында жоспарға сай келмеген деректер де бар. Атап айтсақ, Қытай еліне жіберілетін жүктердің шекарада бөгелуіне байланысты

түсті металл өнімінің тасымалы тек 98,7 пайызға ғана орындалып отыр. Бұл – карантиндік шектеулер тұсау болған өткен жылмен салыстырғанда әлдеқайда жоғары көрсеткіш. Болжам бойынша маусымдық жағдай тұрақталады.

– Негізінде жүк тасымалы бойынша жоспарлы көрсеткіштерді еселейтін кезек алда, жаздың соңы мен күз мезгілінде басталады. Бұл орайда Дегелең станциясынан көмір тиеу қарқын алар болса, солтүстік тармақтағы Ауыл, Белағаш станцияларынан астық, қарақұмық, күнбағыс, асбұршақ, рапс сынды

ауылшаруашылық дақылдардың тасымалы күрт артатын болады. Қазіргі таңда жүк станциялары бойынша осы шараларға даярлық жұмыстарын кең көлемде пысықтап жатырмыз, – дейді бұл орайда бөлімшенің логистика және жүк тасымалын ұйымдастыру бөлімінің мамандары.

Айта кетер жайт, Семей теміржолы бойынша құрылыс материалдарының тасымалы Қаражыра көмірінен кейін екінші орында тұр. Ағымдағы жылы жергілікті теміржолшылар толық көлемі 12,0 млн тоннаның үстінде жүк тасымалдауды жоспарға алып отыр. Оның ішінде, албетте, тұрғын үй және жол құрылысына арналған заттардың үлесі мен көмір тасымалының көлемі және астық өнімдері аса мол болмақ. Осы орайда өндіріске жұмсалатын шығын мен кіріс көлемі бойынша көрсеткіштер қазіргі күні нәтижелі түрде орындалуда.

Ал, жыл бойынша атқарылуы тиіс жоспарға сүйенсек, биыл жүк айналымын 7418 млн ткм неттоға жеткізіп, ұчаскелік жылдамдықты 39,44 км/сағ.-қа жоғарылату семейлік теміржолшылар үшін басты меже саналып отыр.

*Суретті түсірген автор*

**Маман**

**ҚАРУЫ – ҚЫРАҒЫЛЫҚ**

Маңғыстаулық вагон қараушылардың қырағы көзінен тыс қалатын ақау жоқ. Жұырда тағы біреуі тіркелді. Қауіпті ақау бұл жолы бейнеулік вагон қараушы Жексенбай Саулевитің назарына ілкікті.

**Шахидә ЖҰМАН,**  
Маңғыстау



16 маусым күні Бейнеу станциясында бірінші жоғға тоқтаған №2769 так пойызға техникалық қызмет көрсету кезінде ол, 27 кодты №580 059 76 вагонның букс торабынан ақауды анықтады. Аталған вагон қазақстандық «UNIVERSAL LOGISTIK» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне тиесілі. Дөпөлік жөндеуден 2019 жылдың шілде айында шыққан. Ақтау порты станциясынан Бурабай станциясына бағыт алған бос вагон екен. – Жексенбай Саулеев өзінің міндетін жүзеге асыру барысында букс торабын балғамен тексеріп жатып, дауысы әдеттегіден өзгешелеу

шығуына ерекше назар аударады. Букс торабының қақпағын ашып қараса, полиамидті сеператор түйікқатғышы сынған екен. Сыну көлемі 30 миллиметр шамасында. Бұл Жексенбайдың биылғы жылы тапқан бірінші ақауы болса, жалпы бейнеулік вагон қараушылар анықтаған он бесінші жағдай. Бұған дейін көбіне бүйірлік рама, автотіркеме бойына ақаулықтар кездесетін. Ал мынадай ақаулық пойыз кіріп келген кезде КТСМ құрылысында да білінбейді, қызу болмайды. Оны тек буксты ұрып көріп, мұқият бақылаудың арқасында байқауға болады, – дейді бұл жөнінде Бейнеу станциясындағы ТҚКП бастығы Нұралы Қыличев.

*Суретті түсірген автор*

**ШАҒЫН БЕКЕТТЕР ҚАЙТА ЖАНДАНУДА**



Бұрын темір жолда негізгі, басты станцияларға көңіл бөлінсе, соңғы жылдары шағын станциялар да назардан тыс қалып жатқан жоқ. Атырау жүк тасымалы бөлімшесіне қарасты Мақат-Маңғыстау учаскесінде инфрақұрылымды дамытуға байланысты Шоқпартоғай, Бәйтерек, Тамақ, Манат, ал, Атырау-Ақсарай учаскесінде Қызылжар бөлу пункттері пайдалануға берілді.

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**  
Атырау



Әнебір жылдары тасымал азайып, пойыз саны кеміп кеткенде 7-разъезд бен Ганюшконионь арасындағы 6-разъезд алынып тасталған болатын. Бүгінде тасымал көбейген соң, сол разьездер қалпына келтірілді. Вагон пайдалану депосы бойынша Ақжайық, Атырау, Ганюшконино, Сағыз, Мақат станцияларында жүк пойыздарын дайындау мен өңдеу уақытын қысқарту үшін тежегіштерді тексеретін және зариядтау қондырғысы орнатылды.

Соның ішінде 5-класты шағын ғана Дина Нұрпейісова станциясы Ресейдің Астрахань облысымен шектеседі. Учаске көлемі 7 шақырымдай жерді қамтығанымен, көтерер жүгі қомақты. Себебі, еларалық жүктер алдымен осы станция арқылы өтеді. Станция басында 1200-дей халық тұрады, жергілікті халықтың негізгі тұтынатын тауарлары да теміржолмен келеді. Станция бастығы Қ.Хисиннің айтуынша, тәулігіне 15 жұпқа дейін пойыз, мыңға жуық вагон қабылдап-жіберетін кездер болады. Станция басында Атырау жол дистанциясының жолшылары, ШЧ-8 дистанциясының байланысшылары, ВЧД-1 вагоншылары да өз қызметтерін орындауда. Станция ғимаратында станция бастығы мен кезекшісінің, СОБ, СЦ бөлмелері, 30 адамдық күту залы бар. Су мен жылу бар. Жұртшылық мұнда Атырау-Астрахань пойызымен қатынайтын, бірақ пандемияға байланысты ол пойыз былтырдан бері тоқтап тұр. Станцияда 15 адам ауысыммен жұмыс жасайды.

Маңғыстау облысымен шектесетін Толтыр станциясында да жағдай жаман емес. Пойыздарды өткізу қабілеті жоғары, тәулігіне 20-25 пойыз, яғни 1500-дей вагон өтеді. Мұнда да ЭЧ, ШЧ, ПЧ құрылымдарының қызметкерлерімен

қосқанда 80-дей теміржолшы еңбек етеді. ШЧ-11 ғимаратында станция кезекшілігі орналастырылған, станцияның бөлек ғимараты жоқ. Су, жылу бар, газ келіп тұр. Станцияда ауысыммен жұмыс жасау нәтижесінде жұмысшылардың еңбек демалысы да дұрыс ұйымдастырылған.

Ал Мұқыр станциясы – 1940 жылы құрылып, 80 жылдан бері халыққа қызмет етіп келе жатқан байырғы станциялардың бірі. Қазіргі уақытта 4-ші класты станцияға жатады. Өңірде соңғы жылдары темір жолдар жаңартылып, ағаш шпалдар темірбетонға ауысуда. Станция бастығы Боран Өтеулиевтің айтуынша, бұл игіліктен олар да құр алақан емес: станциялық негізгі жолдар бетон шпалдармен жабыдқталған, ал қосымша жолдарда бұрынғы ағаш шпалдар жатыр. Негізгі жол үшеу және 4 кірме жол бар. Ағымдағы жөндеу нәтижесінде пойыздардың жүру жылдамдығы 100-120 сағат/шақырым. Тальго жүрдек пойызы сағатына 130 жылдамдықпен жүреді. Станцияда 40 адам жұмыс істейді, оның ішінде байланыс, электрмен қамту, вагоншылар, т.б. жұмысшылар бар. Вокзал 150 орынға шақталған, ішінде станция бастығы мен кезекші бөлмесі, «Жолаушылар тасымалы» АҚ-на қарасты электронды билет кассасы бар. Вокзалға 2014 жылы күрделі жөндеу жүргізіліп, қызметкерлердің жұмыс жасауына қолайлы

жағдай жасалған. Станция арқылы тәулігіне 6 жұп жолаушылар пойызы, Тальго жүрдек пойызы және 20 жұп жүк пойызы өтеді. Жалпы Мұқырда бүгінде 5 мыңның үстінде тұрғын бар. Бұрын жолаушылар пойызы үш-ақ минут аялдайтын. Кейін басшылық тарапынан тиісті шара алынып, пойыздың станцияда тұру уақыты 3 минуттан 5 минутқа ұзартылған. Ауылдық жер болғасын станция жолдарының жиегіне мал өктізбейтін қоршау салыныпты. Өткен бес айда станцияда жазатайым оқиға не жарақат алу, қауіпсіздік ережесін бұзу болмаған.

Атырау жүк тасымалы бөлімшесіне қарасты шағын станциялардың ішінде Ескене аралық станциясының да өзіндік орны бар. Ескенде 40-тың үстінде үй, екі жүздей тұрғын бар. Территориялық жағынан алдыңғы Мақат ауданына қарайды. Қалаға келетін жүк және жолаушы пойыздарының бәрі осы станция арқылы өтеді. Станциядан тәулігіне елуге жуық пойыз өтеді, оның ішінде мұнай өнімдерін, халық тұтынатын тауарларды тасыған жүк пойыздары бар, бұрын Атырау-Астана, Атырау-Алматы, Атырау-Маңғышлақ, Атырау-Ақтөбе, Москва-Душанбе, Саратов-Ташкент, Волгоград-Ташкент, Москва-Худжанд, т.б. он шақты жолаушы пойыздары өтетін, қазір тек елішілік пойыздар жүреді. Ескене станциясы өзі шағын болғанымен, қызметі зор бекет. Оған Таскескен разьезі де қарайды. Осы жылдың 5 айында ешқандай қозғалыстың кідіруі, жолдың ақаулығы, байланыстың нашарлығы сияқты келеңсіздіктер орын алмаған.

Атырау жол бөлімшесі бастығының бірінші орынбасары Сағат Құлмәхановтың айтуынша, өлкедегі Доссор, Ескене, Аққыстау, Жамансор, Бекбике, Мұқыр сынды басқа да шағын станциялар жұмысы соңғы жылдары әлдеқайда жаңданып, жұмыс көлемі артқан.

*Суретті түсірген автор*

## Безопасность

### ГДЕ ПРОФИЛАКТИКА, ТАМ И РЕЗУЛЬТАТ

**За 5 месяцев с начала года по станции Нур-Султан не допущено ни одного случая непроизводственного травматизма. Такой результат свидетельствует о грамотной организации профилактической работы железнодорожниками столичного транспортного узла.**

**Любовь РОВБА,**  
Нур-Султан

Ежегодно в Казахстане под колесами железнодорожного транспорта получают тяжелые травмы десятки взрослых и детей. Немало случаев травматизма со смертельным исходом. Основными причинами происшествий являются беспечность и нарушение правил поведения на железной дороге. Нередко жертвами становятся люди, находящиеся в состоянии алкогольного опьянения. Так, в апреле 2020 года выпивший молодой человек прыгнул с пешеходного моста на станции Нур-Султан и получил смертельный удар электрическим током. Этот несчастный случай в статистике работы станции за 5 месяцев минувшего года.

— К сожалению, на подобных нарушителей меры профилактики влияния почти не имеют. Их беспечность угрожает безопасности движения поездов, жизни и здоровью пассажиров, сохранности перевозимых грузов, наносит дороге немалый материальный ущерб, — отмечает начальник станции Нур-Султан Ерлан Рахимжанов.

Еще одна категория нарушителей — люди, пытающиеся сократить путь через железнодорожное полотно. Не обращая внимания на специально отведенные для перехода места, запретные знаки и предупредительные плакаты, они продолжают ходить по путям. Примеру взрослых подражают и дети, которые устраивают игры на железной дороге, подвергают



опасности свои жизнь и здоровье. — По обе стороны станции Нур-Султан расположен жилой массив, жителям которого каждый день приходится пересекать стальную магистраль, отправляясь на работу, в школу и по другим делам. На территории станции

железнодорожным транспортом, из раза в раз подвергают себя смертельному риску.

С января по май текущего года работниками станции Нур-Султан совместно с сотрудниками полиции, ТОО «ВЖД» и Астанинского эксплуатационного локомотив-

прошлом учебном году железнодорожники провели 5 профилактических бесед в школах, находящихся вблизи железной дороги, а также в многопрофильном колледже, охватив 375 учащихся.

В век современных технологий меняются подходы к разъяснительной работе с молодежью. Так, столичными железнодорожниками подготовлен уже третий видеоролик «Станция Нур-Султан снова напоминает об опасности на железной дороге», который размещен на Ютуб-канале и сайте АО «НК «КТЖ», а ссылка на него разослана в близлежащие школы.

Руководство станции на постоянной основе принимает участие в совещаниях Сарыаркинского района столицы по обсуждению проблемных вопросов, в том числе предотвращения травматизма на железнодорожных путях.

— Все, кто находится вблизи железнодорожного полотна, обязаны соблюдать общепринятые правила. С 2015 года действует новый Кодекс РК «Об административных правонарушениях», где указано, что нарушение правил, обеспечивающих безопасность движения на железнодорожном транспорте, проход по железнодорожным путям в неустановленных местах влекут за собой предупреждение или штраф в размере 3 МРП. А за прогон скота через железнодорожные пути предусмотрено административное наказание в размере 5 МРП, — напомнил начальник станции Нур-Султан.

Фото автора

**ЕЖЕГОДНО В КАЗАХСТАНЕ ПОД КОЛЕСАМИ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ТРАНСПОРТА ПОЛУЧАЮТ ТЯЖЕЛЫЕ ТРАВМЫ ДЕСЯТКИ ВЗРОСЛЫХ И ДЕТЕЙ. НЕМАЛО СЛУЧАЕВ ТРАВМАТИЗМА СО СМЕРТЕЛЬНЫМ ИСХОДОМ. ОСНОВНЫМИ ПРИЧИНАМИ ПРОИСШЕСТВИЙ ЯВЛЯЮТСЯ БЕСПЕЧНОСТЬ И НАРУШЕНИЕ ПРАВИЛ ПОВЕДЕНИЯ НА ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГЕ.**

протяженностью 14,8 километра имеется три пешеходных моста, однако это не обеспечивает полной безопасности посторонних граждан, — отмечает Ерлан Рахимжанов.

На внеклассной станции непрерывно производятся прием/отправление поездов, выполняются маневровые работы, но взрослые и дети, не связанные с

ного депо организованы рейды по предупреждению наездов на посторонних граждан, в ходе которых проведено 11 профилактических бесед с охватом 158 человек, распространено 130 памяток «Опасно! Железнодорожные пути являются объектами повышенной опасности!».

Регулярно ведется разъяснительная работа в школах. В

## НАРУШИТЕЛЯМ ТУТ НЕ МЕСТО



**В Костанайском эксплуатационном локомотивном депо успешно проводят работу по предотвращению наездов на путях благодаря своевременному применению экстренного торможения.**

**Аслан КУДАБАЕВ,**  
Костанай

Как сообщил заместитель начальника по эксплуатации Костанайского эксплуатационного локомотивного депо Дамир Кайсаров, за пять месяцев текущего года по Костанайскому эксплуатационному

локомотивному депо зарегистрировано 18 случаев экстренных торможений. Из них для предотвращения наезда на людей — 4, на автотранспорт — 1 и на скот — 13. За аналогичный период прошлого года таких фактов также было 18.

Не допустить роста числа подобных случаев, а также где-то добиться и его

снижения удается благодаря тому, что в летний период работниками локомотивного депо совместно с сотрудниками ЛОВД, ВЖД проводится профилактическая работа с жителями близлежащих к железнодорожному полотну населенных пунктов. В то же время, к сожалению, из-за нарушителей страдает и железная дорога, и пассажиры. Ведь экстренные торможения приводят к остановкам и задержкам поездов, порче локомотивов и вагонов, а также подвергают опасности пассажиров.

— В очередной раз напоминаем, что железная дорога для всех, а для детей особенно — зона повышенной опасности, — говорит Дамир Кайсаров. — Но, как ни странно, именно она привлекает подростков для игр и прогулок. Каждый человек должен не только сам неукоснительно соблюдать правила поведения на железной дороге, прислушиваться к подаваемым сигналам, но и предупреждать других, прежде всего детей. Основной причиной трагедии становится безответственное отношение к мерам безопасности, неоправданная спешка и беспечность, нежелание пользоваться переходными мостами, тоннелями и настилами, а порой озорство и хулиганство.

Фото автора

## ВАЖНЫЙ УРОК

**Уроки безопасности для школьников провели сотрудники Уральской дистанции электроснабжения и линейного отдела полиции станции Уральск в школе №45, занятия в которой проходят под стук колес, а из окон виден железнодорожный вокзал станции Уральск.**

**Анна МАРЬИНА,**  
Уральск

В связи с введением год назад карантина по covid-19 посещаемость школ снизилась, однако профилактическая работа по обеспечению безопасности движения уральскими железнодорожниками проводилась постоянно. С началом каникул и перехода Западно-Казахстанской области в «желтую зону» открылись пришкольные лагеря, где первым делом побывали специалисты Уральской дистанции

электроснабжения с лекцией о правилах перехода железнодорожных путей.

В частности, мастер участка Уральского района теплоснабжения Фарид Аманкулова провела разъяснительную беседу в СШ №45 среди школьников младших и средних классов. Всего беседой было охвачено 22 ребенка.

Она не только напомнила детям, как нужно переходить железнодорожные пути, рассказала, почему нельзя переходить их в неустановленных местах и играть вблизи железной дороги, но и доходчиво объяснила



это на примерах, раздала детям памятки с правилами поведения на железной дороге, чтобы они передали их своим родителям. Помимо этого сотрудниками ЭЧ-2 совместно с линейным отделом полиции станции Уральск и ВЖД в районе Уральского железнодорожного вокзала проведен рейд по недопущению перехода через железнодорожные пути в неустановленных местах и предотвращению наезда железнодорожного транспорта на людей. Нарушений не выявлено.

Фото автора

## С УЧЕТОМ ВСЕХ ФАКТОРОВ

**Кирилл МАКСИМОВ,**  
Нур-Султан



**Объем перевозок всеми видами транспорта в Казахстане за 5 месяцев 2021 года снизился на 3,1%.**



С января по май текущего года по стране перевезено 1 376 579 тысяч тонн грузов, что на 3,1% меньше, чем за аналогичный период 2020 года, сообщили в пресс-службе Союза транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS».

Общий грузооборот за 5 месяцев с начала года составил 228 551,87 миллиона тонно-километров. По отношению к соответствующему периоду прошлого года этот показатель снизился на 0,4%.

Из-за пандемии коронавируса и связанных с ней ограничительных мер значительно сократились перевозки пассажиров. Так, с января по май всеми видами транспорта перевезено 2 360 013,99 тысячи человек, что на 60% меньше аналогичного показателя прошлого года. Пассажирооборот «упал» на 51,6% и составил 34 355 пассажиро-километров.

## НУЖНЫ СОВМЕСТНЫЕ ШАГИ

**Махаббат НЕГЕМБАЕВА,**  
Нур-Султан



**Развитие перевозок в Каспийском регионе обсудили на 5-м ежегодном Транскаспийском форуме с участием руководства морского порта Актау.**

Мероприятие прошло в режиме «онлайн» и собрало политиков и лидеров бизнеса из Прикаспийских стран и США.

В своем выступлении председатель правления АО «НК «Актауский морской торговый порт» Абай Турипенбаев отметил, что для Казахстана как внутриконтинентальной страны важно наладить мультимодальные маршруты доставки грузов с соседними странами. Одним из них является Транскаспийский международный транспортный маршрут (ТМТМ), соединяющий страны Юго-Восточной Азии с Турцией, Закавказьем и Южной Европой. Сегодня участниками ТМТМ являются более 20 компаний. Наблюдается регулярная фидерная линия между Баку и Актау.

— Сейчас по этой линии на еженедельной основе ходят два судна: одно казахстанское и одно азербайджанское, что позволяет увеличить скорость доставки груза из Китая в Европу и Турцию до 14-17 дней. Объем перевозок в контейнерах растет, хотя пандемия внесла коррективы в наши планы, — отметил Абай Турипенбаев.

Говоря о существующих проблемах, он отметил, что имеются трудности из-за разного таможенного законодательства стран региона.

— Существенное увеличение транзитного грузооборота возможно только путем совместных и слаженных действий всех заинтересованных участников на существующих и перспективных маршрутах. Примером такого взаимодействия может выступать пилотный проект по цифровому обмену данными, успешно внедренный в портах Актау и Баку, который позволяет нам оперативно управлять документацией и быть в трендах современного времени. Надеемся, что к концу текущего года к нам присоединятся и другие компании, — сказал Абай Турипенбаев.

Глава порта Актау считает, что существует значительный потенциал для развития Каспийского региона, инвестиций и торговли через создание надежных транзитных маршрутов Восток — Запад. При этом устаревшая и неэффективная трансграничная инфраструктура препятствует региональному сближению и экономическому развитию.

Кроме того, в регионе наблюдается отставание от мировых тенденций и ведущих европейских стран в части контейнеризации. По мнению Абая Турипенбаева, контейнеризация позволила бы наполнить маршрут ТМТМ большим объемом.

Что касается традиционного груза — нефти, то с появлением трубопровода Транскавказский маршрут для нефти потихоньку «умирает». В качестве альтернативы совместно с партнерами порт Актау разработал маршрут для безопасной перевозки серы на средиземноморские рынки, в Батуми запускаются терминалы для перевалки этого вида груза.

Коллектив и профсоюзный комитет филиала АО «НК «КТЖ» — Костанайское отделение магистральной сети» выражают глубокое соболезнование родным и близким по поводу кончины Почетного железнодорожника СССР, члена Центрального совета ветеранов АО «НК «КТЖ», Почетного ветерана железнодорожной отрасли Казахстана, председателя Костанайского регионального совета ветеранов-железнодорожников **Бурцева Виктора Афанасьевича**

Союз транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS» выражает искренние соболезнования родным и близким в связи с кончиной государственного деятеля, депутата Мажилиса Парламента Республики Казахстан 6-го созыва **Тараса Кикбаевича Хитуюва**

## «ASHYQ» ЖОБАСЫ АҚТӨБЕДЕ



Ақтөбе теміржол вокзалына «ASHYQ» жобасы енгізіледі. Ғимараттың кіреберістеріне QR-код ілінді. Ереже бойынша «қызыл» және «сары» мәртебесі бар адамдар арнайы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау және қадағалау бөліміне жіберіледі. Ол үшін вокзал ішінен арнайы кабинет жабдықталып жатыр.



**Ардақ ЕРУБАЕВА,**  
Ақтөбе

Коронавирус жұқтырған адамдар мен онымен байланыста болғандар 25 маусымнан бастап Ақтөбе теміржол вокзалына кіре алмайды. Жолаушылар тасымалын ұйымдастырып отырған теміржолшылар да коронавирустың таралу қаупін азайту үшін теміржол вокзалдарында «Ashyq» жобасымен жұмыс жасауға көшті. Енді ғимаратқа QR-код сканерленгеннен кейін ғана кіруге рұқсат етіледі. Ақтөбе вокзалы жолаушылардың шоғырлануын болдырмау үшін үш жерге QR-код қойды.

«Вокзал – стратегиялық аймақ. Жолаушылардың қауіпсіздігі сақталуға тиіс. «Ashyq» жобасын қосу үшін санитар мамандармен арнайы кабинет жасакталып жатыр. Ол жерде санитар мамандар мен біздің екі қызметкеріміз отырады. Жолаушылар ғимаратқа кіреберістен тексеріледі. Есік алдындағы күзет қызметі планшеттермен жабдықталған. Теміржол вокзалына «қызыл» және «сары» статусы бар адамдар кіргізілмейді. Сол себепті Ashyq.kz сайтындағы бейтарап код арқылы өз статусыңызды

алдын ала тексеріп алуыңыз қажет», – дейді Ақтөбе теміржол вокзалының басшысы Тойбазар Қуанышев.

Кіру кезінде жолаушы QR-кодты ASHYQ.KZ, KASPI.KZ, AITU мобильді қосымшасы арқылы сканерлейді. Егер қосымша орнатылмаған болса, кіреберісте вокзал қызметкеріне ЖСН көрсету қажет. Ал шетелдіктердің статусы паспорттың нөмірі арқылы тексеріледі. Бұл ретте 18 жасқа дейінгі балалар тексеруден өтпейді. «Қазіргі уақытта қала тұрғындары мен қонақтарын ақпараттандыру мақсатында роликтер сақтық шаралары мен «Ashyq» жобасының вокзалға енгізілгені және оны пайдалану жолдары түсіндіріледі. Вокзал жаңа жобамен жұмыс жасауға дайын. Изоляция бөлмесіне түскен науқас болса, жолаушылармен байланыс болмас үшін арнайы есік дайындалды. Индет жұқтырған жолаушы анықталған жағдайды бірден оқшаулау мүмкіндігіміз бар», – дейді вокзал басшысы. *Суретті түсірген автор*

## ЕҢБЕК ТҮБІ – ЗЕЙНЕТ



Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің директоры Ибрагим Басықараев әріптестерімен бірге аталмыш бөлімшеде 42 жылдан астам еңбек еткен Марат Оспановты құрметпен зейнет демалысына шығарып салды.

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**  
Қызылорда

Соңғы жылдары Қызылорда қалпына келтіру пойызы ұжымын біліктіліктен басқара жүріп сала дамуына өзіндік үлес қосқан Құрметті теміржолшыны зейнет демалысына шығарып салу салтанатына жиналған ұжым бөріне ұстаз, ақылшы аға бола білген азаматқа жүректен шыққан ізгі тілектерін айтып, қимай қостасты. Әріптестері Марат Оспановтың ұжымды басқару әдістері мен жұмыс тәжірибесі, жалпы азаматтық болмысын әрдайым үлгі тұтатындарын сөз етті. Бөлімше басшылығы мен кәсіподақ ұйымы атынан кәсіподақ комитетінің төрайымы Ажар Ерманова



М.Оспановтың иығына шапан жауып, ұжымдық шартқа сәйкес естелік ретінде бағалы сыйлықтар тапсырды. Қырық жылдан астам ғұмырын аймақ темір жолының өсіп-өркендеуіне арнаған жан осы ортада өткен күндерін қашан да сағынышпен еске алатынын жеткізіп, әріптестеріне шынайы көңілден алғысын білдірді. *Суретті түсірген автор*

## ДЛЯ ФОРМИРОВАНИЯ КОЛЛЕКТИВНОГО ИММУНИТЕТА



По Семейскому отделению грузовых перевозок число вакцинированных сотрудников на 10 июня составило 28,7%. В лидеры выбилось Оскеменское эксплуатационное локомотивное депо (ТЧЭ-22), где прививку против коронавируса уже получили более 55% человек.

**Ольга УШАКОВА,**  
Усть-Каменогорск

На встрече с работниками в Усть-Каменогорске директор Семейского отделения грузовых перевозок Сызбек Алишев выразил благодарность начальнику ТЧЭ-22 Еркему Смагулову, который, по его словам, смог организовать и убедить людей в необходимости получения вакцины против КВИ. Тем временем в эксплуатационном вагонном депо Семья привиты 18%, в эксплуатационном локомотивном депо Семья – 27,7%, в эксплуатационном локомотивном депо Аягоза – 33,4%, в Оскеменском эксплуатационном вагонном депо – 27%.

– Железная дорога – это стратегический объект, она обеспечивает перевозку народно-хозяйственного груза, пассажиров, работает в круглосуточном режиме, поэтому мы должны создать коллективный иммунитет. Заболевание людей коронавирусом, выявление контактных больных отрицательно влияет на работу железной дороги. Никто не принуждает к вакцине, но, чтобы создать коллективный иммунитет, нужно вакцинироваться, – отметил он и напомнил, что после получения вакцины работник может использовать оплачиваемый выходной день, но ему необходимо предупредить руководство, чтобы нашли на этот день замену. Работники стальной магистрали в Усть-Каменогорске получают вакцину в Защитинской железнодорожной больнице. Сейчас это



«Спутник V». Сразу после беседы с руководством группа железнодорожников опять отправилась на прививку. Машинист тепловоза Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо, капитан команды по футболу Жолғасбек Бибасаров после получения прививки рассказал, что чувствует себя хорошо. – Я спортсмен, футболист. Получаю первый компонент вакцины. Пошел и сделал, потому что хочу жить, – улыбается он. – Я думаю о своем здоровье, о семье. Теперь на вакцинацию привезу супругу. *Фото автора*

## СВОИМИ ТЕМПАМИ



Практически 50 процентов сотрудников Екибастузской дистанции пути получили вакцину «Спутник V». Для желающих привиться профсоюз совместно с врачами производственного комплекса «Дисконт» поликлиники №1 города организовали передвижной медицинский комплекс.

**Жанара ЖУСУПОВА,**  
Павлодар



Как рассказал председатель профсоюзного комитета Екибастузской дистанции пути Марат Садвокасов, на сегодня вакцинированы 214 железнодорожников, из них 143 уже получили второй компонент. Медики выезжали на станции Карасор, Калкаман, Таскудық, Екибастуз-1, Екибастуз-2. В состав ПМК вошли врач-эпидемиолог и медсестры.

– На постоянной основе мы проводим информационно-разъяснительную работу с сотрудниками станций. Все могут задавать любые вопросы. На этой неделе были в Майканине, Карасоре, ГРЭС-1, ГРЭС-2. Если есть желающие, то составляем список и выбираем дату, – рассказал Марат Саулебекович. *Фото автора*

## 67 ПАЙЫЗ ЕКПЕ АЛҒАН



COVID-19 коронавирустық жұқпасы – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Сондықтан еке алдырудың маңызы күннен күнге артып келеді. Мұны теміржолшылар да түсініп отыр.

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**  
Атырау

Атырау магистральдық желі бөлімшесі бойынша жұмысшылар

арасында екенің маңызы туралы түсінік жұмыстары жүргізіліп және жалғасып келеді. Соның нәтижесінде бөлімшеде еңбек ететін екі мыңдай жұмысшының 67 пайызы



екпе алдырған. Бөлімше басшысы Е.Сапаровтың айтуынша, осы айдың аяғына дейін түгел қамтуды көздеп отыр. Қазіргі уақытта ең алдымен

екпе алдырып, қоғамда ұжымдық иммунитет қалыптастыру маңызды. Соны түсініп, еке алуға ынталылар артып келеді. Бөлімше басшылығы кәсіподақ ұйымымен бірлесіп алғашқы боп вакцина салдырған жұмысшыларға арнайы Алғыс хат пен сыйлық табыс етті. Атап айтқанда, бөлімше диспетчері А.Ибрашева, РЦО бөлім басшысы Г.Ерниязова, еңбек бөлімінің маманы К.Мурзағалиева, т.б. мамандар – басқаларға үлгі болып алғаш еке алғандар. Бөлімше басшысы оларға алғысын білдіріп, зор денсаулық тіледі. *Суретті түсірген автор*

## СПОРТ

### В ЕДИНСТВЕ – СИЛА

Сотрудники филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» показывают отличные результаты не только в работе, но и в спорте, активно участвуя в республиканских, областных и районных соревнованиях, занимая призовые места.

**Светлана МОГАЙ,**  
Караганда

Большую помощь в этом направлении оказывает Карагандинский филиал профсоюза, который поддерживает своих сотрудников

во всех начинаниях – закупает единую экипировку, формирует призовой фонд для поощрения лучших игроков. По словам инструктора по спорту Мадета Абикина, на сегодняшний день в филиале сформирована



команда по легкой атлетике, которая насчитывает около 100 человек. – В период карантина наши сотрудники участвовали в областных соревнованиях по онлайн-забегу, протяженность которого составила 8 километров. Первое место в марафоне занял сотрудник ВЖД Вячеслав Слободенко, а второе машинист электровоза ТЧЭ-14 Николай Куяниченко. В настоящее время мы готовимся к онлайн-соревнованиям по многоборью, – говорит он. – Кроме того, в отведенные дни на стадионе «Локомотив» железнодорожники имеют возможность поиграть в волейбол, баскетбол, поплавать в бассейне. Также лучшие эксперты Казахской федерации шахмат проводят обучение для всех желающих в режиме «онлайн». В большей степени сотрудники Карагандинского отделения ГП

проявляют свое мастерство в футболе. Так, на последнем республиканском чемпионате по летним видам спорта команда ТЧЭ-14 заняла 1-е почетное место. – Стоит отметить, что на каждой станции региона сформированы сборные команды. К примеру, узел Акадыр славится спортсменами по гиревому виду спорта, а Жанаарка по теннису и футболу. Хотелось бы озвучить и имена железнодорожников-чемпионов. Это дежурный по парку станции Караганда-Сортировочная Тoley Ансар, начальник ППО станции Жанауыл Рустем Укбасов и другие работники. Во всех турнирах наши ребята проявляют дружбу, солидарность и единство, именно поэтому они всегда находятся на передовых позициях в КТЖ, – резюмирует Мадет Абикин. *Фото автора*



Бас редактор  
**Дина Муздубаева**  
Бас редактордың орынбасары  
**Меруерт Өмірзақова**

Газет басылатын қалалар:  
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Ақтөбе, Смағұл көш., 9/2.  
«Хабар-Сервис» ЖШС  
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.  
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000

Газет сейсенбі,  
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен  
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің қасиы одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:  
**Л. Ровба, Р. Рахметова**

Меншікті тілшілер:  
**Алматы:** Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80  
**Атырау:** Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66  
**Шымкент:** Жаная Сыдықбай 8-707-390-17-18  
**Қызылорда:** Ольга Ушакова 8-777-203-51-87  
**Жамбыл:** Асхат Райқұлов 8-700-330-01-53  
**Маңғыстау:** Шахида Жұманова 8-707-886-72-45  
**Орал:** Анна Паничева 8-707-910-74-17  
**Қызылорда:** Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59  
**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53  
**Карағанды:** Светлана Могой 8-777-893-66-76  
**Костанай:** Аслан Қудабасов 8-705-267-44-00  
**Павлодар:** Айдана Ертай 8-747-535-21-58  
**Ақтөбе:** Ардақ Ерубеева 8-702-843-27-97  
**Көкшетау:** Надежда Новицкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы:  
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

Газетті тарату жөніндегі менеджер  
**Асель Распаева,**  
тел.: 8 775 198 15 61,  
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және  
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық  
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың  
30 шілдесінде №601 тіркеу күнәлігі берілді.